

## Күршім ауданының Қаратоғай ауылына ветеринариялық режим белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 15 қарашадағы N 1803 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Күршім аудандық әділет басқармасында 2010 жылғы 29 қарашада N 5-14-118 тіркелді. Күші жойылды - Күршім ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 25 желтоқсандағы N 1881 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Күршім ауданы әкімдігінің 2010.12.25 N 1881 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтарындағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағының 18) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі «Ветеринария туралы» № 339 Заңының 10 бабының 2 тармағының 9) тармақшасына сәйкес Күршім ауданының әкімдігі

### **Қ А У Л Ы**

### **Е Т Е Д І :**

1. Қалғұты ауылдық округінің Қаратоғай ауылына ірі-қара малдың қарасан ауруына байланысты шектеу іс-шараларын енгізе отырып, ветеринариялық режим белгіленсін.

2. Аудандық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасына (Қ. Төлеуғазин келісімі бойынша) жеке және заңды тұлғалармен орындауға міндетті санитарлық іс-шараларды ұйымдастыру ұсынылсын.

3. Қалғұты ауылдық округінің әкімі( Н.Чақаев) шектеу белгіленген аумақтан немесе аумаққа ауыл шаруашылығы жануарларын әкелу және осы аймақтан алып кету, ауыл шаруашылығы жануарлары өнімдерін, шикізаттарын дайындау және пайдалану, еңбекті ұйымдастыру және басқа да әкімшілік шаруашылық шараларды Қазақстан Республикасы ветеринария саласындағы заңнамаларда белгіленген тәртіптерді қатаң сақтай отырып жүргізу тапсырылсын.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Д.Ә.Әлхановқа жүктелсін.

5. Қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*К ү р ш і м*

*ауданының әкімі*

*А. Сеитов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК